

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің экономикалық факультетінің 60 жылдығына арналған «**Жаңа болмыс жағдайында экономика және қоғам**» Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары, 25 мамыр 2023 жыл, I бөлім= **Материалы** Международной научно-практической конференции «**Экономика и общество в условиях новой реальности**», посвящённой 60-летию экономического факультета Казахского агротехнического исследовательского университета имени С. Сейфуллина, 25 мая 2023 год, I часть = **Materials** of the International scientific and practical conference «**Economy and Society in a new reality**» dedicated to the 60th anniversary of the Faculty of Economics of the S. Seifullin Kazakh Agrotechnical Research University, May 25, 2023, I part. – 2023. – Ч.1. – Б.271-277.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІҢ НЕГІЗГІ ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІН ТАЛДАУДАҒЫ НЕГІЗГІ НЫСАНДАРДЫҢ РӨЛІ

ӘОЖ 336.1:336.53(574)(045)

*Мұханов Н.М., магистрант
Шайкенова Н.Т., PhD., қауымдастырылған профессор
С.Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ, Астана қ.*

Қаржылық талдаудың ақпараттық базасы бухгалтерлік және қаржылық есептілік болып табылады. Бухгалтерлік есептілік ұйымның есепті күнгі мүлктік және қаржылық жағдайын, сондай-ақ оның есепті кезеңдегі қызметінің қаржылық нәтижелерін көрсететін көрсеткіштер жүйесін білдіреді. Бухгалтерлік есептілікті жасау мен ұсынудың қағидаттары мен тәртібі "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" ҚР Заңымен реттеледі. Қазіргі уақытта қолданыстағы бухгалтерлік есептілік нысандары Қазақстан Республикасы Парламентінің 2007 жылғы 28 ақпандағы № 234 бұйрығымен бекітілген. Бухгалтерлік есептің элементтері: қаржылық жағдай туралы есеп, кірістер мен шығындар туралы есеп және оларға қосымшалар, ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп, капиталдың өзгеруі туралы есеп және аудиторлық қорытынды. Бухгалтерлік есеп нысандары арасында байланыс бар [1].

Есеп беру нысандарының әрқайсысының өзіндік аналитикалық мүмкіндіктері бар. Соларға тоқталып кететін болсақ, Кәсіпорынның Қаржылық Жағдай туралы Есебі (1-нысан) - есепті күнгі жағдай бойынша ұйымның қаржылық жағдайын талдау және бағалау үшін неғұрлым ақпараттық нысан: баланс ұйымның қарыз алушы ретінде төлем қабілеттілігін бағалауға мүмкіндік береді [2].

Пайдалар мен шығындар туралы есеп (2-нысан) есепті кезеңдегі кәсіпорын қызметінің ағымдағы қаржылық нәтижелері туралы мәліметтерді:

баланстық пайданың немесе залалдың шамасын, осы көрсеткіштен құралатын, пайдаға салынатын салық сомасын және т. б. қамтиды. Бухгалтерлік балансқа және пайда мен залал туралы есепке қосымшалар ұйымның есеп саясатына қатысты мәліметтерді ашады және пайдаланушыларды есептіліктің негізгі нысандарына енгізу орынсыз, бірақ ұйымның қаржылық жағдайын, оның қызметінің қаржылық нәтижелерін және оның қаржылық жағдайындағы өзгерістерді нақты бағалау үшін есептілікті пайдаланушыларға қажет қосымша деректермен қамтамасыз етеді. Қосымшалар ақпаратты жеке нысандар және түсіндірме жазба түрінде ашады [3].

Капиталдың өзгеруі туралы есеп (3-нысан) ұйымның меншікті капиталының, алдағы шығыстар мен төлемдер резервтерінің және бағалау резервтерінің болуы мен қозғалысын, ұйымның таза активтері құнының шамасы мен динамикасын талдауға мүмкіндік береді.

Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп (4-нысан) ұйымның ағымдағы, инвестициялық және қаржылық қызметі бөлінісінде ақша қаражатының құрылымын және болған өзгерістерін талдауға мүмкіндік береді. Түсіндірме жазбада ашуға жататын және бухгалтерлік есептіліктің басқа нысандарында көрсетілмеген деректер туралы: есеп саясатының өзгерістері, материалдық-өндірістік қорлар, негізгі құралдар, ұйымның кірістері мен шығыстары, есепті күннен кейінгі оқиғалар және т. б. туралы ақпарат қамтылады [4,5]. Аудиторлық қорытынды-ұйымды тексеру нәтижелері бойынша мамандандырылған ұйым немесе аттестатталған аудитор берген, оның бухгалтерлік есептілігінің дұрыстығын және жасалатын шаруашылық операцияларының заңдылығын растайтын құжат. Ілеспе жазба-кәсіпорынның есебіне қоса берілетін және есепті құрастырушы туралы негізгі мәліметтерді және олардың мазмұны қысқаша аннотацияланған енгізілген есептік нысандар тізбесін қамтитын құжат. Қаржылық есептілік қаржылық талдаудың ақпараттық базасы ретінде сапалық сипаттамалардың жиынтығына ие болуы керек. Қаржылық есептіліктің сапалық сипаттамалары-бұл қаржылық есептілікте берілген ақпаратты пайдаланушылар үшін пайдалы ететін негізгі принциптер немесе талаптар. Бұл келесі принциптер - түсініктілік, орындылық, сенімділік және т.б. [6].

Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдаудың ақпараттық қайнар көзі болып қаржылық есеп беру табылады. Қаржылық есеп беруге негізделген немесе қаржылық есептен алынған материалдармен толықтырылады. Түсіндірме жазбада берілген субъектінің есеп, есеп берудің қандай саясатын ұстап отырғандығы және қаржылық есепті пайдаланушылардың талаптарына сай басқа да ақпараттар жазылуы керек. Бухгалтерлік есеп ақпараттың көлеміне және сол ақпаратты пайдаланушыларға тікелей байланысты болады. Сол пайдаланушылар әртүрлі болуы мүмкін. Мысалға, кредиторлар немесе инвесторлар. Олар экономикалық шешімді субъектінің қаржылық және т.б. есептеріне сүйене отырып қабылдайды. Бұл ақпараттарды пайдаланушылар

ішкі және сыртқы болып бөлінеді. Қаржылық есеп беруді дайындау мен ұсыну үшін басшылық қаржылық жағдай, оның нәтижелері мен ондағы өзгерістер жайлы ақпаратқа сүйенеді. Бухгалтерлік ақпараттық жүйе қаржылық және басқарушылық болып бөлінеді. Қаржылық есепті сыртқы есеп, ал басқару есебін ішкі есеп деп те атайды. Ақпараттар жүйесі екі саладан тұрады. Егер біріншісі сыртқы пайдаланушылардың мүддесіне арналған ұйымдардың қаржылық қызметі жағдайын бағалауға қызмет ететін қаржылық есеп болса, екіншісі керісінше ішкі пайдаланушылардың қызығушылықтарына көзделген ұйымдардың шаруашылық қызметін талдау мен бағалауға қызмет ететін басқарушылық қызмет. Қаржылық есепте ұйымдардың қаржылық жағдайы туралы мәліметтер жинақталып, жалпылама бухгалтерлік есеп жүйесіндегі ақпараттардың белгілі бір бөлігін құрайды. Қаржылық есеп өрісіндегі ақпараттар тиісті құжаттар мен шоттарда жинақталады. Американың лицензияланған бухгалтерлік қоғамы институтының берген анықтамасында: «Қаржылық есеп ақшалай өлшеммен алғандағы ұйымдардың активтерін және осы активтер көздерін, сондай-ақ қаржылық қызмет бағытының өзгеруін және өзгеріске түсу фактілерінің есебін жүргізуге арналған», - делінген [7].

Ұйымның балансы осы ұйымның белгілі бір кезеңдегі қаржылық тұрақтылығын және оның өз шаруашылық қызметін үздіксіз жүргізуі мен өзінің қарыз міндеттемелерін уақытында өтеуі үшін қаржы ресурстарымен қамтамасыз етілуін көрсетеді. Сонымен, кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығы нені білдіреді? Кейбір авторлар қаржылық тұрақтылықты «өз қаражаттарын шебер пайдалану қабілеттігі, жұмыс үрдісінде үздіксіздігін қамтамасыз ететін қаржының жеткілікті болуы» деп түсіндіреді. Қаржылық тұрақтылық – меншікті және қарыз қаражаттарының байланысы. Бұл ұғымды А.Д. Шеремет пен Р.С. Сайфуллин оңтайлы түрде анықтайды. Олардың ойынша, «Қаржылық тұрақтылық – бұл әрдайым төлем қабілеттілігін кепілдендіретін кәсіпорынның белгілі бір жағдайы» [8].

Кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығы – бұл тәуекелділіктің мүмкін болатын деңгейінде төлем қабілеттілігі мен несие қабілеттілігін сақтай отырып, табысты өсіру негізінде қаржыны тарату мен пайдалану арқылы кәсіпорынның дамуын көрсететін қаржы ресурсының жағдайы.

Қаржылық жағдайды бағалауды қаржылық тұрақтылықтан бастаған жөн және оған мыналар кіреді:

- кәсіпорын активтерінің құрылымдық және құрамдық динамикасын талдау;
- кәсіпорын активтерінің қалыптасу көздерінің құрамдық және құрылымдық динамикасын талдау;
- кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығының абсолюттік және салыстырмалы көрсеткіштерін талдау;
- кәсіпорынның төлем қабілеттілігін және несие қабілеттілігін талдау.

Қаржылық талдаудың тәжірибесі қаржылық есепті оқудың негізгі ережелерін қалыптастырады. Олардың ішінен алты негізгі әдістерді қарап өтуге болады:

1. көлденең талдау
2. тікелей талдау
3. трендік талдау
4. салыстырмалы талдау
5. факторлық талдау
6. қаржылық коэффициенттер әдісі.

Көлденең (уақытша) талдау – есептің әрбір позициясын өткен кезеңмен салыстыру. Ол өткен кезеңдігімен салыстырғандағы бухгалтерлік есептің түрлі баптарының абсолюттік және салыстырмалы ауытқуларын анықтауға мүмкіндік береді. Оларға тән үрдістерді анықтау және болжау мақсатында берілген есептік нысанның жекелеген баптарының динамикасын талдау.

Тікелей (құрылымдық) талдау – әрбір есеп позициясының жалпы нәтижеге тигізетін әсерін айқындай отырып, қорытынды қаржылық көрсеткіштердің құрылымын анықтау. Ол жалпы баланс немесе оның бөлімдері бойынша қорытынды көрсеткіштегі жеке баптардың үлес салмағын анықтауға мүмкіндік береді және белгілі бір баптардың салыстырмалы маңыздылығын анықтау үшін есеп беру нысанының құрылымын талдайды. Көлденең және тікелей талдаулар бір-бірін толықтырады. Сондықтан да есептің бухгалтерлік құрылымы секілді оның жеке көрсеткіштерінің динамикасын да сипаттайтын кестелерді жасайды [9].

Трендік талдауда барлық көрсеткіштерін 100% деп алып, базистік жыл деңгейінен бірқатар жылдар көрсеткіштерінің салыстырмалы ауытқуын есептеу көзделеді. Трендік көмегі арқылы алдыңғы жылдардағы көрсеткіштердің мүмкін болатын маңызы қалыптасады, ал одан кейін перспективті, болжалдық талдау жүргізіледі. Егер сөздің қысқасын айтсақ, бұл талдау түрін «бірнеше жылдар бойынша көлденең талдау» деп те атауға болады.

Салыстырмалы (кеңістік) талдау – бұл фирмалардың, бөлімшелердің және цехтардың жекелеген көрсеткіштері бойынша есебінің құрама көрсеткіштерін шаруашылық ішіндегі талдау, сонымен бірге берілген фирманың көрсеткіштерін орташа салалық және орташа жалпы экономикалық мәліметтері бар бәсекелес фирмалардың көрсеткіштерімен салыстырғандағы шаруашылық аралық талдау болады.

Факторлық талдау – ол дегеніміз жекелеген факторлардың қорытынды көрсеткішке тигізетін әсерін зерттеудің регрессиялық және корреляциялық тәсілдер арқылы талдау.

Ұйымның қаражат көздері мен мүліктік жағдайын талдау - бұл қаржылық жағдайды талдаудың кешенді бағдарламасының бірінші бөлімі. Кәсіпорынның қаржылық жағдайының құрылымы мен динамикасын алдын-ала талдау өткен

ғасырдың 20-жылдарында алғаш рет балансты құрушылардың бірі Н. А.Блатов жасаған салыстырмалы аналитикалық баланс бойынша жүзеге асырылады.

Салыстырмалы аналитикалық баланс бастапқы деңгейден оған құрылымның, динамиканың және баланстың құрылымдық динамикасының көрсеткіштерін қосу арқылы алынады. Салыстырмалы аналитикалық баланс қаражат көздерін және кәсіпорын мүлкінің түрлерін бағалауға мүмкіндік береді. Тік және көлденең талдау әдістері қолданылады.

Балансты талдау міндеттемеден басталады. Пассивтің негізгі аналитикалық міндеті-кәсіпорын қандай көздерден дамиды. Бухгалтерлік баланс активін талдаудың негізгі міндеті:

- активтердің қандай түрлеріне көздердің өсуі көп дәрежеде бағытталған
- активтердің қандай түрлері есебінен мүліктің азаюы орын алды.

Талдау мақсатында бастапқы баланс агрегатталады. Міндеттемелер оларды төлеудің жеделділік дәрежесі бойынша, активтер өтімділік дәрежесі бойынша топтастырылған. Агрегаттауға бөлім атауларына дейін рұқсат етіледі.

Құрылымның көрсеткіштері бойынша қаржылық тұрақтылық коэффициенттерінің мәнін бағалауға болады, яғни одан әрі қосымша есептеу қажет емес. Динамика көрсеткіштері әр түрлі баланстық баптардың өсу немесе төмендеу қарқынын бағалайды.

Қаражат көздерінің құрылымы капиталдандыру коэффициенттерімен сипатталады. Бұл көздерді мүліктің әртүрлі түрлеріне орналастыру құрылымы өтімділік пен қаржылық тұрақтылық коэффициенттерімен сипатталады.

Құрылымдық динамиканың көрсеткіштері ең ақпараттылығы болып табылады және факторлық талдау жүргізуге мүмкіндік береді, яғни баланс құрылымының қандай жолдар немесе бөлімдер есебінен өзгергенін бағалау.

Ұйымның баланс өтімділігін және төлем қабілеттілігін талдау-қаржылық жағдайды талдаудың кешенді бағдарламасының 2-бөлімі.

Кәсіпорынның өтімділігі (яғни тұтастай алғанда кәсіпорынның активтері) - келісімшарттарда көзделген өтеу мерзімдерін бұза отырып, қысқа мерзімді міндеттемелерді өтеу үшін теориялық тұрғыдан жеткілікті мөлшерде айналым қаражатының болуы.

Кәсіпорынның төлем қабілеттілігі-кәсіпорынның дереу өтеуді талап ететін кредиторлық берешек бойынша есеп айырысу үшін жеткілікті ақша қаражаты мен оның баламаларының болуы.

Активтердің өтімділік шамасы келесі коэффициенттермен есептеледі.

Абсолютті өтімділік коэффициенті - кәсіпорын баланс жасалған күні қысқа мерзімді берешектің қанша үлесін өтей алатынын сипаттайды. Оның мәні $\geq 0,2$ болу керек. Формуласы:

$$K_{\text{абс}} = \frac{\text{ақша қаражаттар}}{\text{қысқа мерзімді міндеттемелер}} \quad (1)$$

Жылдам өтімділік коэффициенті - дебиторлармен уақтылы есеп айырысу жағдайында кәсіпорынның болжамды төлем мүмкіндіктерін көрсетеді. Бұл коэффициенттің мәні 1 ден үлкен болуы тиіс.

$$K_{\text{ж}} = \frac{\text{ақша қаражаттар} + \text{деб. берешектер}}{\text{қысқа мерзімді міндеттемелер}} \quad (2)$$

Ағымдағы өтімділік коэффициенті - бұл дебиторлармен уақтылы есеп айырысу және дайын өнімді қолайлы сату ғана емес, сонымен қатар мобильді құралдарды сату жағдайында бағаланатын кәсіпорынның төлем мүмкіндіктерін көрсетеді. Осы көрсеткіштің шекті мәні ≥ 2 болады.

$$K_{\text{а}} = \frac{\text{қысқа мерзімді активтер}}{\text{қысқа мерзімді міндеттемелер}} \quad (3)$$

Бұл көрсеткіштер кәсіпорынның өз активтерінің өтімділігін көрсетеді. Ал, одан бөлек тағы кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығын анықтайтын көрсеткіштер бар. Олар коэффициентпен өлшенеді. Олар қаржылық жағдайды зерттеу барысында кеңінен пайдаланылады. Ең бірінші ол қаржылық тәуелсіздік (автономиялық) коэффициенті - мүліктің жалпы құнындағы меншік иелерінің үлесін сипаттайды немесе қаржыландыру көздерінің жалпы сомасындағы меншікті қаражаттың үлес салмағын көрсетеді. Оның мәні 0,5-тен жоғары болуы тиіс.

$$K_{\text{авт}} = \frac{\text{меншікті капитал}}{\text{нетто-баланс жиыны}} \quad (4)$$

Қаржылық тәуелсіздік коэффициенті – баланстағы қарыздардың үлесін көрсетеді. Ол автономиялық көрсеткішке қарама-қарсы көрсеткіш болып саналады, яғни мәні 0,5-тен аспауы керек.

$$K_{\text{тәуекел}} = \frac{\text{міндеттемелер}}{\text{нетто-баланс жиыны}} \quad (5)$$

Қаржыландыру коэффициенті - бұл қызметтің қай бөлігі өз қаражаты есебінен, ал қайсысы қарыз капитал есебінен қаржыландырылатынын көрсетеді. Оның мәні 1 ден асуы керек.

$$K_{\text{қаржы}} = \frac{\text{меншікті капитал}}{\text{міндеттемелер}} \quad (6)$$

Меншікті капиталдың маневрлік коэффициенті – ұйымның меншікті капиталының икемді дәрежеде пайдалануын қарастырады. Оның мәні 0,2 мен 0,5 арасында ең ықтималды мәнді құрайды.

$$K_{\text{маневр}} = \frac{\text{меншікті айналым капиталы (МАК)}}{\text{меншікті капитал}} \quad (7)$$

$$\text{МАК} = \text{Меншікті капитал} - \text{Ұзақ мерзімді активтер} \quad (8)$$

Қаржылық тұрақтылық коэффициенті - тұрақты көздерден активтің қай бөлігі қаржыландырылатынын көрсетеді. Оның мәні 0,75-тен кем болмау керек. Тұрақты мәні 0,8-0,9 деп санауымыз дұрыс. Формуласы:

$$K_{\text{қ.т.}} = \frac{\text{меншікті капитал} + \text{ҰМА}}{\text{нетто-баланс жиыны}} \quad (9)$$

Ұйымның қаржы жағдайын бағалауда қаржылық талдаудың түрлі тәсілдер мен жолдарын пайдалануға құқықты. Оларды тиімді пайдаланып, осы

бағалауды жүргізудің өзектілігіне байланысты дұрыс әдісті таңдай отырып, тексеруші қаржылық жағдайға терең, жан-жақты әрі кешенді талдау жүргізе алатынына көз жеткізеді. Сонымен қатар объективті және анық баға береді, қаржылық тұрақтылығының нығайғанын және табыстылығының өскенін көріп, болашаққа ұсыныстар дайындайды.

Осы айтылған мәліметтерді қорыта келе, қаржылық талдау жасаудың көптеген маңызды тұстары бар екенін аңғаруға болады. Жоғарыда айтылып кеткен формулалар арқылы кез-келген кәсіпорынның қаржылық жағдай туралы есебіне талдау жасап, сол кәсіпорын келешекте қандай бағыт арқылы жылжу керектігін, қандай трендке ұмтылу керектігін анықтай алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. «Бухгалтерлік есепке алу және қаржылық есеп беру туралы» ҚР Заңы. 28.02.2007 ж. № 234-111(03.01.2022 ҚР өзгертулер мен толықтырулар бойынша), [Электронный ресурс]: <https://adilet.zan.kz/kaz>
2. Бухгалтерлік есептің типтік шоттар жоспары. 23.05.07 ж. №185 Қаржы Министрінің бұйрығы, (2019 жылғы 3 маусымына өзгерістер мен толықтырулар). [Электронный ресурс]: <https://zakon.uchet.kz/kaz/search/>
3. Ұлттық қаржылық есеп беру стандарты. ҚР Қаржыминистрінің 2013 жылғы 31 қаңтардағы № 50 бұйрығы (2021 жылғы 3 маусымына өзгерістер мен толықтырулар). [Электронный ресурс]: <https://www.gov.kz/memleket/entities/minfin?land=kk>
4. Accounting, Finance, Sustainability, Governance and Fraud. [Текст] / 2017-ongoing. Book Series. - 2012. - P. 215-225.
5. Alimhanova, A., Vazhdaev, A., Mitsel, A., Sidorov, A., Dynamic Model of Enterprise Revenue Management Based on the SFA Model. - 2023. [Текст] / Mathematics11(1),211 Multidisciplinary Digital Publishing Institute (MDPI) E-ISSN:2227-7390
6. Торшаева Ш.М. Бухгалтерлік есептің негіздері оқулық [Текст] / Ш.М. Торшаева; ҚР Білім және ғылым министрлігі, ISBN 978-601-204-386-0 Қарағанды. - 2017. - 220 б.
7. Халықаралық Қаржылық Есептіліктің Стандарттары (IAS және IFRS), 2021, [Электронный ресурс]: <https://www.gov.kz/memleket/entities/minfin?land=kk>
8. Taylor and Francis. Accounting Education. 2017-ongoing. Articles in Press. [Электронный ресурс]: <https://ideas.repec.org/s/taf/accted.html>
9. ҚР-ның Азаматтық Кодексі, 02.08.2015 ж. № 342-V ҚР Заңы, (12.01.2022 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен), [Электронный ресурс]: https://online.zakon.kz/document/?doc_id=1006061#sub_id=0